

2021-2022 оқу жылына арналған мектеп дефектологiнiң жылдық жұмыс жоспары

Дефектолог : Г.Бернахова

Ақжар а/о
2021-2022 оқу жылы

Бекітемін:
Мектеп директоры:

Ж.Еспенбет

№28 Абылай хан жалпы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылына арналған мектеп дефектологінің жылдық жұмыс жоспары

Педагог –дефектолог қызметі

- . Оқу жылында оқушылармен топтық және жеке жұмыстар жүргізу
- . Жұмыстанатын оқушылар санын анықтау
- . Оқушылар жас ерекшелеріне байланысты топқа бөліну
- . Оқушылардың жасына байланысты жеке күнтізбелік жоспар құрылып, жоспар бойы жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізу

Мақсаты:

1. Әрбір оқушының дамуын толық зерттеп, оқуға қабілетін анықтау
2. Оқушының негізгі белсенділігін, психикалық барысын арттыру. Соның ішінде оқушының зейінін, есін, қабылдауын және ойын дамыту.
3. Оқушының коммуникативтік қызметін дамыту.
4. Оқушылардың дүниетанымдық деңгейін байыту, қоршаған құбылыстары мен заттар туралы түсініктерін қалыптастыру.
5. Көмек берудің әдістері мен түрлерін қолдануы жайында ата-аналармен байланыста болу.

Міндеті :

1. Дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту, тәрбиелеу, түрлі жөніндегі шешімдерді жас ерекшелігіне байланысты қолдану
2. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерте коррекциялық көмек көрсету

Күтілетін нәтиже:

1. Психофизиологиялық мүмкіндігі дамиды
2. Оқудағы қиындықтары жойылады
3. Әлеуметтік- адамгершілік қасиеттері дамиды, жағымды мінез-құлық қалыптасады.

Мазмұны:

1. Оқушылармен сабақ өткізу, динамикалық дамуын бақылау
2. Ата-аналармен мектеп әкімшіліне ұсыныс беру

I-бөлім: Ұйымдастыру және диагностикалық жұмыстар

Жұмыс бағыттары мен мазмұны	Өтілетін мерзімі
Жаңа оқу жылына дайындық	1-қыркүйекке дейін
Дефектологтың сабақтарына келетін балалардың құжаттарын анықтау	1-16 қыркүйек аралығы, 16-31 мамыр аралығы
Жұмыс кестесі мен сабақ кестесін құрастыру	16-17 қыркүйек
Психофизикалық даму деңгейіне қарай үлестірмелі материалдарды дайындау	Жыл бойы
Күнтізбелік –тақырыптық жоспарын бекіту	15-16 қыркүйек
Жеке дамыту жұмыстарын бекіту	15-16 қыркүйек
Мұғалім дефектологтың жылдың басы мен аяғына арналған құжаттарды дайындау	1-16 қыркүйек аралығы, 16-31 мамыр аралығы
Түзету –дамыту жұмыстарының анализі	15-30 мамыр аралығы

II-бөлім: Оқыту және түзету жұмыстары

Жұмыс бағыттары мен мазмұны	Өтілетін мерзімі
Жұмыс кестесіне сай топтық сабақтарын өткізу	16 қыркүйектен 15 мамырға дейін
Жұмыс кестесіне сай жеке түзету-дамыту сабақтарын өткізу	16 қыркүйектен 15 мамырға дейін

III-бөлім: Оқушылар және ата-аналармен өзара байланыс жұмыстары

Жұмыс бағыттары мен мазмұны	Өтілетін мерзімі
Ата-аналар мен мұғалімдерге жеке кеңес беру	Жыл бойы
Ата-аналармен оқушыларды сабақ кестесімен таныстыру	16-17 қыркүйек
Оқушылардың сабаққа қатысымен қадағалау	Жыл бойы
Оқушылардың жеке тапсырмаларға арналған дәптерлерін дайындау	Қыркүйек
Ата –аналармен мұғалімдерге арналған жеке кеңес беру дәптерін дайындау	16-қыркүйекке дейін
Ата –аналарды жеке анкеталау	Қараша, желтоқсан

IV- бөлім: Білім мекемесінің қызметкерлерімен өзара байланыс жұмыстары

Жұмыс бағыттары мен мазмұны	Өтілетін мерзімі
Өзара байланыс дәптерін жүргізу	Жыл бойы
Сабаққа қатысу : Логопедтің, психологтың, бастауыш сынып мұғалімдерінің	Жыл бойы
Құжаттарды дайындау	Мамыр
Мектеп педагогтарына жеке кеңес беру	Жыл бойы

Дефектолог :

Г.Бернахова